



## **Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 30 қазандағы N 178

1959 жылғы 1 шілдеде қабылданған Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің  
артықшылықтары мен иммунитеттері туралы  
КЕЛІСІМ

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік Жарғысының XV бабы С тармағына сәйкес осы бапта аталған құқықтық қабілет, артықшылықтар мен иммунитеттер Басқарушылар кеңесінің нұсқаулықтары бойынша әрекет ететін Бас директордың осы мақсат үшін ұсынатын, Агенттік пен Агенттік мүшелерінің арасындағы жеке келісімде немесе жекелеген келісімдерде белгіленетінін еске ала  
о т ы р ы п ;

Жарғының XVI бабына сәйкес Агенттік пен Біріккен Ұлттар Ұйымы өздерінің арасында байланыстар орнату туралы Келісім жасалғанын ескере отырып;

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оған кірген әр түрі мекемелер пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттердің мейлінше біркелкілігін қамтамасыз етуді көздей отырып, Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияны қабылдағанын, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының кейбір мүшелері осы Конвенцияны қабыл алғанын назарда ұстай отырып;

## Басқарушылар Кеңесі,

1. Негізінен Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға сәйкес жасалған, Үкімет Кеңесінде ұсынылған міндеттемелерді жүктеусіз төменде келтірілген мәтінді бекітеді; және

2. Агенттік мүшелерін осы Келісімді, егер ол олар үшін қолайлы болып табылса, қарауға және оны қабылдауға шақырады.

### 1-бап

#### Анықтамалар

##### 1-тарау

Осы Келісімдегі:

I) "Агенттік" ұғымы Атом Энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікті білдіреді;

II) III баптағы "мүлік пен активтер" ұғымы Агенттіктің қарауында тұрған немесе оның Жарғысында белгіленген функцияларды орындау барысында Агенттік басқаратын мүлік пен қорларды қамтиды;

III) V және VIII баптарындағы "мүшелердің өкілдері" ұғымы барлық басқарушыларды, өкілдерді, орынбасарларды, кеңесшілерді, техникалық сарапшыларды және делегациялардың хатшыларын қамтиды;

IV) 12, 13, 14 және 27 тараулардағы "Агенттік шақыратын мәжілістер" ұғымы:

1) Агенттіктің және Агенттіктің Басқарушылар Кеңесінің Бас конференциясының;

2) Агенттік шақыратын кез келген халықаралық конференциялардың,

симпозиумдардың, семинарлардың немесе сарапшылар тобының; және

3) аталған органдардың бірі құрған кез келген комитеттердің мәжілістерін білдіреді.

г) VI және IX баптардағы "Агенттіктің лауазымы иелері" ұғымы Агенттіктің Бас директорын, барған жерде жұмысқа қабылданған және сағатына қарап ақы алатын адамдарды қоспағанда, және оның Хатшылығының барлық қызметкерлерін қамтиды.

## II бап

### Құқықтық статус

#### 2-тарау

Агенттік заңды тұлға статусына ие. Оның құқықтық қабілеті бар:

а) контрактілер жасасу; б) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу және осындайларға ие болу және с) қылмыстық істерді қозғау.

## III бап

### Мүлік, қорлар және активтер

#### 3-тарау

Агенттік, оның мүлкі және активтері олардың қайда және кімнің иелігінде екеніне қарамастан сот араласуының кез келген нысанынан иммунитетпен пайдаланады, тек Агенттік қана белгілі бір түрде қандай да бір жеке жағдайда иммунитеттен бас тартады. Бірақ иммунитеттен бас тартудың ешқайсысының сот шешімдерін орындау шараларына күші

жүрмейді.

#### 4-тарау

Агенттіктің үй-жайларына ешкім тиіспейді. Агенттіктің мүлкі мен активтерін қай жерде тұрғанына және кімнің иелігінде болғанына қарамастан тінтуге, реквизициялауға, тәркілеуге, экспроприациялауға және араласудың атқарушылық, әкімшілік, соттық немесе заң шығарушылық іс-қимылдар нысанының қайсысын болса да қолдануға болмайды.

#### 5-тарау

Агенттіктің архивіне және оған тиесілі немесе оның сақтауындағы жалпы барлық

құжаттарға, олар қай жерде тұрса да, ешкім тиіспейді.

## 6 - т а р а у

Қаржылық бақылаумен, ережелермен немесе мораторийдің қандай түрімен болса да  
ш е к т е л м е г е н :

а) Агенттікте қорлар, алтын немесе кез келген түрдегі валюта болады және кез келген валютада операция жүргізе алады;

б) Агенттік өз қорларын, алтынын немесе валютасын бір елден екіншісіне немесе кез келген елдің шегінде еркін аударады және оның иелігінде тұрған кез келген валютаны кез келген басқа валюта айналдыра алады.

## 7 - т а р а у

6-тарауға сәйкес өз құқықтарын пайдалануда Агенттік осы Келісімнің кез келген қатысушы-мемлекеті үкіметінің тарапынан кез келген ұсыныстармен санасуға тиіс, өйткені мұндай ұсыныстар Агенттік мүдделеріне нұсқан келтірмей қанағаттандырыла  
а л а д ы .

## 8 - т а р а у

Агенттік, оның активтері, табыстары және басқа да меншігі:

а) Тікелей салықтардан бәрінен босатылады; бірақ іс жүзінде ол коммуналдық қызметтің төлемі ғана болып табылатын салықтардан босатуды талап етпейді деп  
к ө з д е л е д і .

б) Қызметтік мақсатта пайдалану үшін Агенттік әкелетін немесе әкететін заттар кедендік алымдардан, импорттық және экспорттық тыйым салулар мен шектеулерден босатылады. Бірақ осындай алып тастауларға сәйкес әкелінген заттар олар әкелінген елде осы елдің үкіметімен келісілген шарттардан басқаша шарттарда сатылмайтын  
б о л а д ы д е п к ө з д е л е д і ;

с) Жеке меншік басылымдарды әкелу және әкету барысында кедендік алымдардан және импорт пен экспорттық тыйым салулар мен шектеулерден босатылады.

## 9 - т а р а у

Жалпы ережелер ретінде Агенттік жылжымалы және жылжымалы емес

мүлікті сату барысында сатып алу бағасына енгізілген акциздік алымдар мен салықтардан босатуды талап етпейтін болса да Агенттік осындай

алымдар мен салықтар салынған немесе салынуға тиісті мүліктің едәуір санын ресми мақсаттар үшін сатып алатын болған жағдайда осы Келісімге қатысушы-мемлекеттер, бұл мүмкін болмағанда, алымдар немесе салықтарды төлеуден босату немесе төленіп қойылған соманы қайтару үшін тиісті әкімшілік іс-шараларды қабылдайтын болады.

#### IV бап

##### Байланыс құралдары

###### 10-тарау

Өзінің ресми байланыстары үшін Агенттік осы Келісімге қатысушы-мемлекеттің әрқайсысының аумағында, өйткені бұл осы мемлекет тараптардың бірі болып табылатын қандай да бір халықаралық конвенцияларға, ережелер мен келісімдерге қайшы келмейді, осы мемлекеттің үкіметі кез келген басқа үкіметке, соңғының дипломатиялық өкілдігін қоса алғанда, почталық жөнелтулерге және электр байланысы құралдарын пайдаланудағы артықшылықтарға, тарифтерге және ставкаларға қатысты, сондай-ақ баспасөзге және радиоға берілетін ақпарат үшін азайтылған ставкаларға қатысты жасайтын қолайлы жағдайлардан қолайлылығы кем болмайтын жағдайлармен п а й д а л а н а д ы .

###### 11-тарау

Агенттіктің ресми хат-хабары мен басқа да ресми хабарлары цензураға жатпайды.

Агенттік шифрді пайдалануға және дипломатиялық курьерлер мен визаларға қолданылатын иммунитеттер мен артықшылықтарды пайдаланатын курьерлер немесе вализалар арқылы хат-хабарды және басқа да ресми хабарларды алуға және жөнелтуге құқылы.

Осы тараудағы ешнәрсе де қауіпсіздіктің осы Келісімге қатысушы-мемлекет пен Агенттіктің арасындағы келісіммен белгіленетін тиісті іс-шараларын қабылдауды ешқандай да жоққа шығармайды.

#### V бап

## Агенттікке мүше-мемлекеттердің өкілдері

### 12-тарау

Агенттік шақыратын мәжілістерге қатысушы мүше-мемлекеттің өкілдері өз міндеттерін орындау барысында және мәжіліс болатын жерге барғанда және кері қарай жол жүргенде келесі артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады:

а) Жеке басын қамау немесе ұстау және жеке жүгіне тыйым салу иммунитеті, сондай-ақ лауазым иелері ретінде айтқандардың, жазғандарының немесе жасағандарының бәріне қатысты сот-процессуалдық иммунитеттің барлық түрі;

б) Барлық қағаздар мен құжаттарға ешкімнің тиіспеушілігі;

с) Шифрді пайдалану және курьерлер немесе вализалар арқылы қағаздарды немесе х а т - х а б а р д ы а л у ;

д) Олардың өздерін және олардың жұбайларын иммиграция бойынша шектеулерден , өз міндеттерін атқара жүріп, олар уақытша жүрген немесе олар жүріп өтетін елдегі шетелдіктерді тіркеуден және мемлекеттік қызмет борыштарынан босату;

е) Валюталық шектеулерге немесе ақша айырбастаудағы шектеулерге қатысты уақытша қызметтік іссапарларда жүрген шетелдік үкіметтердің өкілдеріне ж а с а л а т ы н д а й ж ең і л д і к т е р ;

ф) Олардың жеке жүгіне қатысты тиісті дәрежедегі дипломатиялық өкілдерге жасалатындай иммунитеттер мен жеңілдіктер.

### 1 3 - т а р а у

Агенттік шақыратын мәжілістерге қатысушы Агенттік мүшелерінің өкілдеріне өз міндеттерін орындау барысында толық сөз бостандығы мен толық тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін олардың айтқандарының немесе жазғандарының бәріне қатысты, сондай-ақ олардың қызметтік міндеттерін орындау барысында, тіпті осы аталған адамдар мұндай міндеттерді атқаруды тоқтатқаннан кейін де жасаған барлық іс-қимылына қатысты сот-процессуалдық иммунитет беріле береді.

### 1 4 - т а р а у

Салықтың қандай да бір нысанын қолдану аталған бір елде тұруына байланысты болғанда, Агенттік шақыратын мәжілістерге қатысушы Агенттік мүшелерінің өкілдері өз міндеттерін атқару үшін мүше-мемлекеттің шегінде болатын мерзімдер осы елде тұрған мерзімдер ретінде қаралмайды.

## 1 5 - т а р а у

Агенттік мүшелерінің өкілдеріне артықшылықтар мен иммунитеттер жекелеген адамдардың жеке басының пайда сы үшін емес, Агенттіктің жұмысына байланысты олардың өз функцияларын тәуелсіз орындауын қамтамасыз ету үшін беріледі. Сондықтан Агенттіктің мүшесі болып табылатын ел әрбір жағдайда өз өкілдерінің иммунитетінен бас тартуға

құқықты ғана емес, сондай-ақ оның пікірі бойынша, бұл иммунитет сот ісін жүргізуге кедергі келтіретін және одан бас тарту иммунитет берілген мақсатқа нұсқанын тигізбейді деген жағдайда міндетті де.

### 16-тарау

12, 13 және 14 тараулардың ережелері осы адам азаматы немесе өкілі болып табылатын немесе болған мемлекеттің өкімет орындарында қатысты қолданылмайды.

## VI бап

### Лауазым иелері

### 17-тарау

Агенттік мезгіл-мезгіл осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің бәрінің үкіметтеріне осы баптың және IX баптың ережелері қолданылуға тиіс лауазым иелерінің фамилияларын хабарлап отырады.

## 1 8 - т а р а у

### а) Агенттіктің лауазым иелері:

I) Олардың лауазым иелері ретіндегі айтқандары немесе жазғандары және барлық іс-қимылдары үшін сот алдында жауап бермейді;

II) Олар Біріккен Ұлттар Ұйымының лауазым иелеріне жасалатын жағдайларда Агенттік төлейтін окладтар мен сыйақыларға салық салуды алып тастаулармен п а й д а л а н а д ы ;

III) Олардың қарауындағы әйелдері және туысқандарымен бірге иммиграция жөніндегі шектеулерден және шетелдіктерді тіркеуден босатылады.

IV) Валютаны айырбастау жөнінде дипломатиялық миссиялардың құрамына кіретін тиісті дәрежедегі лауазым иелеріне жасалатын артықшылықтарды пайдаланады;

V) олардың қарауындағы әйелдерімен және туысқандарымен бірге дипломатиялық миссиялардың құрамына кіретін тиісті дәрежедегі лауазым иелерінің халықаралық дағдарыстар кезінде елге оралу жөніндегі пайдаланатын жеңілдіктерін пайдаланады;

VI) Тиісті елде бастапқы кезде өз қызметіне кіріскен кезде өзінің жиһазы мен мүлкін баж салығынсыз әкелуге құқылы.

б) Агенттік Жарғысының XXII бабына сәйкес инспекторлардың міндетін немесе Жарғының XI бабына сәйкес жобаларды қарау жөніндегі міндеттерді атқаратын және баратын жерлеріне лауазым иелері ретінде жол жүретін және өз функцияларын орындайтын Агенттіктің лауазым иелері осы Келісімнің VII бабында белгіленген қосымша артықшылықтар мен иммунитеттердің бәрін пайдаланады, өйткені бұл мұндай функцияларды тиімді орындау үшін қажет.

## 1 9 - т а р а у

Өздері азаматы болып табылатын мемлекетке қатысты Агенттіктің бас директоры жасаған және тиісті мемлекет бекіткен тізімге олардың атқаратын міндеттеріне қарай фамилиялары кіргізілген Агенттіктің лауазым иелері ғана алып тастаулармен пайдаланатын жағдайда Агенттіктің лауазым иелері мемлекеттік борыштардан б о с а т ы л а д ы .

Агенттіктің басқа да лауазым иелерін тиісті мемлекеттің мемлекеттік борыштарын орындау үшін Агенттіктің өтініші бойынша шақырған жағдайда осы лауазым иелерін шақыруға қатысты негізгі жұмысты жалғастырудағы үзілісті болдырмау үшін қажет болатын уақытша кейінге қалдыру жағдайын жасайды.

## 2 0 - т а р а у

18 және 19 тарауларда аталған артықшылықтар мен иммунитеттерден басқа Агенттіктің Бас директоры, сондай-ақ ол жоқ кезде оның міндеттерін атқарушы кез келген лауазым иелері халықаралық құқыққа сәйкес дипломатиялық өкілдердің өздеріне, өздерінің әйелдеріне және жасы толмаған балаларға қатысты жасалатын артықшылықтар мен иммунитеттерді, алып қоюлар мен жеңілдіктерді өзіне, өзінің әйелдеріне және жасы толмаған балаларына қатысты пайдаланады. Дәл мұндай артықшылықтар мен иммунитеттер, алып қоюлар мен жеңілдіктер, бұдан басқа, Агенттік Бас Директорының баламалы дәрежесі бар орынбасарларына немесе лауазым и е л е р і н е б е р і л е д і .



Артықшылықтар мен иммунитеттер лауазым иелеріне олардың жеке басының пайдасы үшін емес Агенттіктің мүдделері үшін ғана беріледі. Агенттік лауазым иесінің пікірі бойынша иммунитет сот ісін атқаруға кедергі келтіреді және иммунитеттен бас тарту Агенттіктің мүдделері үшін нұсқан келтірмей жасалуы мүмкін деген жағдайларда кез келген лауазым иесіне жасалған иммунитеттен бас тартуға құқылы және міндетті.

## 22-тарау

Агенттік тиісті сот ісін атқаруды жеңілдету, полицияның нұсқауларын орындауды қамтамасыз ету және осы бапта аталған артықшылықтарға, иммунитеттерге және жеңілдіктерге байланысты қандай да бір теріс пайдаланушылықты болдырмау мақсатында мүше-мемлекеттердің тиісті өкімет органдарымен тұрақты түрде бірлесіп іс-қимыл жасайды.

## VII бап

### Агенттік іссапарға жіберген сарапшылар

## 23-тарау

Агенттіктің комитеттерінде жұмыс істеп жатқан немесе Агенттіктің атынан іссапарда жүрген, сонымен бірге Агенттік Жарғысының XII бабына сәйкес инспекторлар тұрғысында жүрген және Жарғының XI бабына сәйкес жобаны зерттеу жөніндегі инспекторлар ретіндегі сарапшылар (VI бапта көрсетілген лауазым иелерінен басқа) келесі артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын болады (аталған комитеттердегі немесе іссапар кезіндегі жұмысқа байланысты іссапарлар кезінде өткен уақытты қоса алғанда өйткені бұл міндеттерді атқару үшін қажет):

- a) Жеке басын қамауға алу немесе ұстау және тұтқынға алу иммунитеті;
- b) Өздерінің ресми функцияларын орындау кезінде айтқандарының, жазғандарының немесе жасағандарының бәріне қатысты сот-процессуалдық иммунитеттің барлық түрі, сонымен бірге бұл иммунитет аталған адамдардың комитеттерде немесе Агенттіктің атынан іссапарларда жүрген кезінде өз міндеттерін атқаруын тоқтатқанына немесе

тоқтатпағанына қарамастан сақталады;

с) Барлық қағаздар мен құжаттарға ешкімнің тиіспеушілігі;

d) Агенттікпен байланысты жүзеге асырғанда шифрді пайдалану және курьерлер немесе вализалар арқылы қағаздарды немесе хат-хабарды алу құқы;

е) Валюталық шектеулерге немесе ақша айырбастаудағы шектеулерге қатысты уақытша қызметтік іссапарларда жүрген шетелдік үкіметтердің өкілдеріне жасалатындай жеңілдіктер;

f) Олардың жеке жүгіне қатысты тиісті дәрежедегі дипломатиялық өкілдерге жасалатындай иммунитеттер мен жеңілдіктер.

## 24 - т а р а у

23-тараудың с) және d) тармақшаларында келтірілген ережелер осы Келісімге қатысушы-мемлекет пен Агенттіктің арасындағы келісіммен белгіленетін тиісті қауіпсіздік іс-шараларын қабылдауды ешқандай да жоққа шығармайды.

## 25-тарау

Артықшылықтар мен иммунитеттер Агенттіктің сарапшыларына олардың жеке басының пайдасы үшін емес Агенттік мүдделерінде беріледі.

Агенттік сарапшыға берілген иммунитеттен, егер Агенттіктің пікірінше мұндай иммунитет сот ісін атқаруға кедергі келтіретін болса және егер мұны Агенттіктің мүдделеріне нұқсан келтірмей жасауға болады жеп кез келген жағдайда бас тартуға құқылы және міндетті.

## VIII бап

### Артықшылықтарды теріс пайдаланушылықтар

## 26-тарау

Егер осы Келісімге қатысушы қандай да бір мемлекет осы Келісіммен көзделген қандай да бір артықшылықты немесе иммунитетті теріс пайдаланған жағдайлар болды деп тапса, осы мемлекет пен Агенттіктің арасында мұндай теріс пайдаланушылықтың болғанын анықтау үшін консультациялар өткізіледі және егер ол осылай болса, мұндай теріс пайдаланушылықтың қайталануын болдырмаудың жолдары қарастырылады. Егер

мұндай консультациялардың нәтижелері осы мемлекет пен Агенттік үшін қанағаттанғысыз болып шықса, артықшылықты немесе иммунитетті теріс пайдаланушылық туралы мәселе 34 тараумен көзделген процедураға сәйкес шешіледі. Теріс пайдаланушылық фактісі анықталған жағдайда аталған теріс пайдаланушылықтың нәтижесінде мүдделері қозғалатын осы Келісімге қатысушы-мемлекет бұл туралы Агенттікке хабарлаған соң оған теріс пайдаланушылықтың себебі болып табылған артықшылықты немесе иммунитетті бермеуге құқылы. Бірақ артықшылықтарды немесе иммунитеттерді беруден бас тарту Агенттіктің негізгі қызметін жүзеге асыруға кедергі болмауға немесе Агенттіктің өз негізгі функцияларын орындауына бөгет жасамауға тиіс.

## 2 7 - т а р а у

Агенттік шақыратын мәжілістерге қатысушы мүше-мемлекеттің өкілдері өз міндеттерін орындау барысында және мәжіліс болатын жерге бару және кері қарай қайту кезінде, сондай-ақ 1 v) тарауда көзделген лауазым иелері өздерінің міндеттерін атқарып жүрген елдерде олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде қандай да бір жүргізген қызметінің себебінен сол елдердің аумақтық өкімет орындарының талабы бойынша елден келтірілмейді. Бірақ мұндай адамдар осы елде тұрып жатқанынан байланысты олардың қызметтік міндеттеріне кірмейтін іс-қимылдар жолымен осы елде теріс пайдаланушылықтарға жол берген жағдайда үкімет бұл адамдардың өз елінен кетуін мынадай жағдайларда талап ете алады:

а) 20 тарауға сәйкес иммунитеттерді пайдаланатын мүше-мемлекеттің өкілдері немесе адамдар осы елде тіркелген дипломатиялық өкілдерге қолданылатын дипломатиялық процедураға сай ғана бұл елден кетіріледі;

б) 20 тарау ережелерінің күші жүрмейтін лауазым иелерін кетіру

туралы бұйрықты осы елдің сыртқы істер министрі бекіткен соң ғана аумақтық өкімет орындары береді, сондай-ақ бұл бекіту Агенттіктің бас директорымен консультация бойынша ғана жүргізіледі; қандай да бір лауазым иесін елден кетіру туралы іс қозғалған бойда Агенттіктің Бас директоры осы адамның атынан өкілдік етуге құқылы.

## IX бап

### Рұқсат қағаздар

Агенттіктің лауазым иелері Агенттіктің Бас директоры мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Хатшысының арасында жасалған әкімшілік келісімдерге сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының рұқсат қағаздарын пайдалануға құқылы. Агенттіктің Бас директоры осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің бәріне осындай мақсатпен жасалған әрбір келісім туралы хабарлайды.

## 29 - т а р а у

Осы Келісімге қатысушы-мемлекеттер Агенттіктің лауазым иелеріне жол жүргенде заңды құжаттар ретінде берілген Біріккен Ұлттар Ұйымының рұқсат қағаздарын таниды және қабылдайды.

## 30 - т а р а у

Біріккен Ұлттар Ұйымының рұқсат қағаздарын алған Агенттіктің лауазым иелерінен талап етілетін визаларды беру туралы өтініштер, егер мұндай өтініштерге осы адамдардың Агенттіктің жұмыстары бойынша жүріп бара жатқандары туралы куәліктері қоса берілсе, мүмкіндігінше шұғыл тәртіпте қаралады. Бұдан басқа, мұндай адамдардың тез қозғалып, жүріп отыру үшін жеңілдікті жағдайлар қамтамасыз етілуге тиіс.

## 31 - т а р а у

30 тарауда көзделгендерге ұқсас жеңілдікті жағдайлар Біріккен Ұлттар Ұйымының рұқсат қағаздарын алмаған бірақ олардың Агенттіктің істері бойынша жүріп бара жатқаны туралы куәліктері бар сарапшыларға және басқа да адамдарға жасалады.

## 32-тарау

Бас директор, Бас директордың орынбасарлары және Агенттіктің дәрежесі бөлім бастығынан төмен емес, Агенттіктің істері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының рұқсат қағазымен жол жүруші басқа да лауазым иелері дипломатиялық миссиялардың құрамына кіретін тиісті дәрежедегі лауазым иелеріне берілетін жеңілдіктермен пайдаланады.

## Х бап

### Дауларды шешу

#### 33-тарау

Агенттік шешудің тиісті тәсілдері үшін ережелер белгілейді:

- а) Контрактілерге байланысты туындайтын даулар немесе Агенттік тарап болып табылатын жеке сипаттағы басқа да даулар;
- б) Агенттіктің қандай да бір лауазым иесіне немесе қандай да бір сарапшысына қатысты болатын, өз ресми жағдайына қарай иммунитетпен пайдаланатын, даулар, егер 21 немесе 25 тараулардың ережелеріне сәйкес бұл иммунитеттерден бас тарту болмаса.

## 3 4 - т а р а у

Егер тараптар реттеудің басқа әдісі туралы келісе алмаса, онда осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын пікір алшақтықтарының бәрі Соттың Статусына сәйкес Халықаралық Сотқа жіберіледі. Егер Агенттік пен мүше-мемлекеттің арасында пікір алшақтықтары пайда болса және тараптар реттеудің қандай да бір басқа

әдісін таппаса, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 96-бабына және Сот Статусының 65-бабына және Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Агенттіктің арасында жасалған келісімнің тиісті ережелеріне сәйкес осы пікір алшақтығына байланысты кез келген құқықтық мәселе жөнінде консультативтік қорытынды сұралады. Соттың қорытындысын тараптар шешуші деп таниды.

## XI бап

### Түсіндіру

#### 35-тарау

Осы Келісімнің ережелері Агенттікке оның Жарғысымен жүктелген функциялар тұрғысында түсіндірілуге тиіс.

#### 36-тарау

Осы Келісімнің ережелері қандай да бір мемлекеттің Агенттікке, осы мемлекеттің аумағының шектерінде Агенттіктің Орталық мекемелерінің немесе аймақтық бөлімшелерінің немесе Агенттіктің жобаларды немесе оның қызметін жүзеге асыруына байланысты, Агенттіктің жобаларына кепілдіктерді қолдануды немесе өзге де шараларды қоса алғанда, қызметкерлердің, сарапшылардың, материалдардың, құрал-жабдықтардың және техникалық құралдарының болуына байланысты беруі мүмкін немесе кейінірек қандай да бір мемлекеттің беруі мүмкін артықшылықтары мен иммунитеттерін ешқашан да шектемейді және бұзбайды. Осы Келісім Агенттік пен осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің арасында оларға берілген иммунитеттер мен артықшылықтарды кеңейтетін немесе шектейтін, осы Келісімнің

ережелерін реттейтін қосымша келісімдердің жасалуына кедергі келтірмейді.

### 37-тарау

Осы Келісім Агенттік Жарғысының қандай да бір ережелерінің мағынасын немесе Агенттіктің өзінде болуы, сатып алуы немесе өзіне қабылдауы мүмкін қандай да бір басқа құқықтары мен міндеттемелерінің күшін жоймау және маңызын азайтпау тұрғысында қолданылады.

## XII бап

### Қорытынды ережелер

### 38-тарау

Осы Келісім қабылдануы үшін Агенттікке мүше-мемлекеттердің бәріне жіберіледі. Келісім Бас директорға қабылданғаны туралы құжат тапсырған сәттен бастап қабылданды деп саналады және әрбір мүше-мемлекетке қатысты соңғысының қабылдағаны туралы құжатты тапсырған күнінен бастап күшіне енеді. Қабылданғаны туралы құжат атынан тапсырылатын мемлекет осы Келісімнің ережелерін өз заңдары негізінде күшіне енгізе алатыны ескеріліп отыр. Бас директор осы Келісімнің куәландырылған көшірмесін Агенттікте тіркелген немесе соңынан мүшесі болатын

әрбір мемлекеттің үкіметіне табыс етеді және мүше-мемлекеттердің бәріне қабылданғаны туралы әрбір құжаттың тапсырылғаны жөнінде және 39 тарауда көзделгендей бұзу туралы кез келген мәлімдеменің алынғаны туралы хабарлайды.

Мүше-мемлекет осы Келісімге ескертулер жасай алады. Ескертулер мүше-мемлекеттің сақтауына қабылданғаны туралы құжат тапсырылар кезде ғана жасалына алады және Бас директор бұл туралы Агенттіктің мүше-мемлекеттердің бәріне дереу хабарлайды.

### 39 - т а р а у

Осы Келісім Агенттікке және қабылданғаны туралы құжатты тапсырған әрбір мүше-мемлекетке қатысты осы мемлекет Агенттіктің мүшесі болып қалған уақытқа немесе Басқарушылар кеңесі қайта қаралған келісімді бекіткенше және осы мүше-мемлекет қайта қаралған келісімнің тарабы болғанша күшінде қалады, егер мүше-мемлекет бұзу туралы мәлімдемені Бас директорға жіберсе осы Келісім мұндай мүше-мемлекет үшін Бас директор осындай мәлімдемені алған соң бір жыл бойында күшінде қала береді.

### 40 - т а р а у

Осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің үштен бірінің талабы бойынша Агенттіктің Басқарушылар кеңесі оған түзетулерді енгізудің қажеттігін талқылауға тиіс. Кеңес мақұлдаған түзетулер жоғарыда 38 тарауда көзделген процедураға сәйкес оларды қабылдаған соң күшіне енеді.